


БЕРЕКЕ – бірлікте, ЫРЫС – ынтымақта!



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

БІЗ – КӨПТЕГЕН ҰЛТ ПЕН ҰЛЫС
МЕКЕНДЕГЕН ЕЛМІЗ. СОҒАН
ҚАРАМАСТАН, ТАТУЛЫҚТЫ
ТУ ЕТІП, БІРЛІКТІ, ТЕҢДІКТІ
САҚТАП КЕЛЕМІЗ. БҰЛ –
ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНА СІҢГЕН
МЕНТАЛИТЕТІНДЕГІ АУЫЛҒА
КЕЛГЕН МЕЙМАНДЫ ҚҰШАҚ
ЖАЯ ҚАРСЫ АЛУ, ӨЗГЕНІ
ҚҰРМЕТТЕУ, СЫЙЛАСТЫҚ,
БАУЫРЛАСТЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТАР СЫНДЫ АСЫЛ
ҚАСИЕТТЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІ.
ЕҢ БАСТЫСЫ, БІЗДЕ ӘР
АДАМНЫҢ ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ
БАҚУАТТЫ ӨМІР СҮРҮІНЕ,
АЛАҢСЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ
БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН.
ЫҚЫЛЫМ ЗАМАННАН ХАНЫН
ҰЛЫҚТАҒАН, ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ
ЖАРҒАН БИЛЕРІН СЫЙЛАҒАН,
БАЙ-КЕДЕЙ ДЕП БӨЛМЕЙ,
ТЕҢДІКТЕ ӨМІР СҮРГЕН,
ӘДІЛЕТТІЛІК САЛТАНАТ ҚҰРҒАН
ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫ
БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖАЙМАШУАҚ
ҚОҒАМДА ӨМІР СҮРҮІМІЗГЕ
ИГІ ӘСЕР ЕТТІ.

(Толығырақ 8-9, 16-17-беттерде)



Суретті түсірген Ераш Айтибаев



Ардақты ағайын!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Бәріміз – бір елдің азаматымыз. Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз».

Отан тағдыры үшін ортақ жасапкершілік – Қазақстанның табысты дамуының стратегиялық өзегі, осы жолдағы күш-қуатымыздың негізгі қайнар көзі.

Өйткені, бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатқан барлық этнос өкілдері бірлігінің, ынтымағы мен өзара түсіністігінің арқасында Тәуелсіздігімізді нығайтып, әлемге танылып, әлеуметтік-экономикалық дамуда елеулі табыстарға қол жеткізіп келеміз.

Биыл өңіріміз біраздан бері болмаған су тасқынынан зардап шегіп жатыр, төтенше жағдай жарияланды. Су тасқынының алдын алу шаралары жүргізілуде, жалты алғанда ұзындығы 509,7 км қораныс бөгеті салынды. Алапат табиғи апатқа қарсы шараларға 12 413 адам жұмылдырылып, сын сағатында адам сенгісіз төзімділік пен табандылық танытуда.

Барлығыңызға да шын жүректен алғыс айтамын.

Қашанда ашық аспан астында кемел келешегімізді нығайтуда толағай табыстарға жете берейік!

**Ігі тілекпен,
Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі**

/// Қаз-қалпында

Анаға оралу



ӘСКЕРДЕН ҚАШЫП, ЖИЫРМА СЕГІЗ ЖЫЛЫ БОЙЫ
БОЙ ТАСАЛАП, ОТБАСЫНАН ЖЫРАҚТА ӨМІР СҮРГЕН
БЕЙБІТ ҚОЗЫБАЕВ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫППАҒАН
АДАМ АЗ, СІРӨ. БІЗ ДЕ БЕЙБІТтің АНАСЫ МАРЖАНҒА
ХАБАРЛАСЫП, МӘН-ЖАЙДЫ СҰРАП БІЛМЕК БОЛДЫҚ.
ДЕГЕНМЕН, МАРЖАН ҚОЗЫБАЕВА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ
БОЛМАЙ ЖҮРГЕНІН АЛҒА ТАРТЫП, ӨҢГІМЕСІН
ЖАЛҒАСТЫРА АЛМАДЫ.

Әр ата-ана үшін бала – бауыр еті. Өмірінің жалғасы. Алладан сұрап алған аманаты. Жасөспірім болып кеткен ұлымен жігіт ағасы шағында қауышу ана жүрегіне оңай тимегенін Маржанның сөзінен-ақ байқадық. Тоғыз ай, тоғыз күн жүргенің астында сақтап, өмірге әкелген ана мен баланың арасында көзге көрінбейтін байланыс болатынын ұққандаймыз. Маржан журналистерге берген сұхбатында бақандай 28 жыл бойы ұлын аңсап, сағынып, күткенін жасырмады. Келеріне сенгенін, тіпті отағасы Алтай Қозыбаевтың түс көріп, сол түсінің өшіп бара жатқан үмітіне от бергенін айтқан еді.

(Соңы 7-бетте)

/// Бүгінгі күннің тақырыбына

Соколок су қабылдауға дайын

ТАСҚЫН КЕЗІНДЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫН ҚОРҒАП ҚАЛАДЫ ДЕЙТІН СОКОЛОК КАНАЛЫ МОЛ СУДЫ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖАҢА КАНАЛ ҚАЗУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА ЖҮРГЕН №108 УЧАСКЕ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ ОЛЖАС СҰЛТАНОВ ХАБАРЛАДЫ.

Бүгінде NCOC компаниясының қолдауымен Соколок каналының Бесікті көпірі тұсынан бастап ұзындығы 24 шақырым болатын жаңа канал қазылды. Сол каналдан шыққан топыраққа қала жақ бетінен бөгет тұрғызылды. Жаңа арна Атырау–Доссор трассасына дейін созылған. Яғни, су осы канал арқылы теңізге құйылады.

– Қазір Соколок каналына су жақсы келіп жатыр. Бұл аумақтағы барлық жұмыс аяқталды. Су каналға кіре бастады. Өзеннің деңгейі күрт көтерілген жағдайда да Соколок каналымыз дайын,-деді Олжас Сұлтанов.

Өзіміз де көріп жүргеніміздей, Жайық өзенінің деңгейі күн санап көтеріліп келеді. Мамандар мол судың әлі де келетінін айтып, сақтық шараларын бәсеңсітпеуді ескертіп отыр.

Естеріңізде болса, редакция ұйымдастырған «дөңгелек үстел» барысында еңбек ардагерлері аталған каналдың маңыздылығы жайында айтып, канал қазу, бөгет тұрғызу проблемаларын қозғаған болатын. Бұл мәселе өңірдегі жедел штабқа да жеткізіліп, Соколокта тыңғылықты іс тындырылды. Ендеше, Атыраудың басты «үміті» – Соколок каналындағы еселі еңбек еш кетпей, қаламыз қауіптен аман қалса екен дейміз.

Айбөпе САБЫРОВА



/// Әлеуметтік мәселе




Мереке қарсаңындағы көмек

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА 2 501 МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАҒА БІРЖОЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ.

Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің хабарлауынша, мүгедектігі бар балалардың әрқайсысына 7,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 27 690 теңгеден берілді. Аталған әлеуметтік қолдау үшін бюджеттен барлығы 69 252 690 теңге қаражат бөлінген.

Алтыншаш ҚҰРМАШЕВА



«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»



Ұлы Абай айтқандай «Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден болаға» дегенді ұран ғып ұстанып, адал еңбегінің арқасында шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген ұстаздар аразында аз емес. Солардың бірі – С. Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің арнайы пен оқытушысы – Жұлдыз Шагирова.

Саналы ғұмырын өңірге қажетті мұнай саласына білікті маман даярлауға арнаған тәжірибелі педагогтың еңбек өтілінде жетістіктері аз емес. Ең бастысы, кейіпкеріміз «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту» жобасы бойынша Германия елінде тағылымдама қатысушысы атанды.

Иә, өндіріске кәсіби шебер жас мамандарды даярлау онай іс емес. Сондықтан, осы саланы таңдаған ұстаз заман көшінен қалмай, жыл сайын жаңарып отырған озық технологияларды жетік меңгеруі шарт. Ал, оған үнемі ізденіс пен тыңғылықты дайындық қажет. Осы тұрғыда Жұлдыз Аманкызының еселі еңбегін айтпай кетпеске болмайды. Мәселен, 2018 жылы «Жабдыктарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Мұнай кәсіпшілік жабдыктарын тексеру, сынау және жөндеу» модульдеріне, 2020 жылы «Бұрғылау технологиясы» мамандығының «Техник-технолог» біліктілігінің модульдеріне арналған оқу құралдарын бүгінде еліміздегі барлық студент кәдеге жаратып жүрген жайы бар. 2017-2019 жылдар аралығында сол кездегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы», мұнай және газ мамандықтарының біліктілікті арттыру тесттерін дайындау және сараптамадан өткізу

Р.С: Академик Зейнолла Қабдолов айттып кеткендей, «Ұстаз болу – өзіңнің уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау». Демек, ұстаздық қызметінде Жұлдыз Аманкызының өлшеусіз еңбегін атап өту адамгершілік парызымыз деп білеміз. Оның «шекпенінен» шыққан кадрлар тәуелсіз еліміздің жарқын болашағының іргетасын қалайтынына сенімдімін.

Бибігүл ШАЙХИЕВА,
Samga Academy тұлғалық дамыту орталығының директоры,
бизнес-тренер, халықаралық дәрежедегі коуч

«Karaton Operating Ltd.» жеке компания Атырау облысы, Жылыой ауданы, «Қаратон тұз асты» учаскесінде СГ-8 барлау ұңғысын салу кезінде уақытша алаңшалар мен кірме жолдарды, бұрғылау қондырғысының іргетасын, шахта бағыттаушысын салу жобасы». Түзету» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша Бірыңғай экологиялық порталында жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен esportal.kz Бірыңғай экологиялық порталының «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 13.05.2024 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «Karaton Operating Ltd.» жеке компания, 060002, Атырау қ., Азаттық көшесі 1-ші Б үйі, БСН 230940900046, тел.: 8 (777) 5640305.

Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атыраудағы филиалы, 060097, Атырау қ., Нұрсая шағын ауданы, Елорда даңғылы, құрылыс 10. тел.: 87781004315.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 24.04.2024 жылғы Ұйғарымымен «Газстройпроект» ЖШС, БСН 000840005099 қатысты оңалту рәсімін енгізу туралы азаматтық іс қозғалып, уақытша әкімші болып Джамалов Ермекбай Мадхатович тағайындалды.

«Газстройпроект» ЖШС, ЖСН 000840005099 кредиторлары бір ай мерзімнен кешіктірмей борышкерге қоятын талаптарын келесі мекен-жай бойынша мәлімдеулері сұралады: Атырау қаласы, А.Афанасьев көшесі 123, тел.: 87016245993.

*Шәкірт лебізі

Ұстазымның ұшан-теңіз еңбегі

МЕН, ИНДЕР АУДАНЫ, КӨКТОҒАЙ АУЫЛЫНДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ Б.НЫСАНБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ХІ СЫНЫП ОҚУШЫСЫМЫН. МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА БІЛІМ АЛА ЖҮРІП, ТҮРЛІ САЙЫСТАРҒА ҚАТЫНАСЫП КЕЛЕМІН. КӨРКЕМ СӨЗ ОҚУ, ТҮРЛІ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫМ. МЕНІҢ ОСЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМНІҢ АРТЫНДА ҰСТАЗЫМНЫҢ ҰШАН-ТЕҢІЗ ЕҢБЕГІ ЖАТЫР.

Мектебімізге 2019-2020 оқу жылы алғаш рет робототехника сыныбы жасақталып, EV-3 роботы алынып, оқушыларға қолданысқа берілді. Міне, осы кезден бастап, информатика пәнінен сабақ беретін білікті, тәжірибелі ұстазым Дәмеш Ідірісқызының бастамасымен робототехникаға деген қызығушылығым оянды. Мектепішілік робототехникадан түрлі сайыстарға қатысып, ұстазымның жетекшілігімен аудандық жарыстарда да топ жара бастадым. Мектеп оқушыларының арасындағы 2023 жылы «Robotek Grand Tournament» турнирінің аудандық кезеңінде ІІ орын, биыл «Robotek Grand Tournament» турнирінің аудандық кезеңінде 14-17 жас аралығында «Сұрыптаушы робот» санатындағы жарыс бойынша жүлделі

ІІ орынмен, марапатталдым. Индер аудандық білім бөлімінің Facebook парақшасындағы (inder_bilim_bolimi) «Жас дарын» айдарының кейіпкері атандым. Сондай-ақ аудандық турнирде жақсы көрсеткіштер көрсетіп, облыстық сайысқа жолдама алдым. «Robotek Grand Tournament-2024» облыстық чемпионатында Алғыс хатпен марапатталдым. Осы робототехникаға деген қызығушылығым артып, бүгінде «Инженер-құрастырушы» мамандығын таңдап отырмын. Ұлттық бірыңғай тестілеуде бағымды сынап, тәуелсіз еліміздің алға қарыштап, дамуына өз үлесімді қосып, білікті маман иесі болсам деген ақ арманым бар.

Ұстазым Дәмеш Ідірісқызынан алар білімім мен тәлім-тәрбием әлі де мол болмақ. Өзім сүйіп көретін «Менің атым Қожа» фильміндегі Рахманов ағай айтқандай: «Оқушы деген қап емес, ішіне не болса соны сиғыза беретін, ол – шамшырақ». Менің сол шамшырағымды жағып, робототехника әлеміне тарта білген Дәмеш апайыма үлкен алғыс білдіремін. Аяулы ұстазым, білім сайыстарында оза шауып бөйге алар талапты шәкірттеріңіз көбейе берсін!

Ігілік БОРАШ,
Б.Нысанбаев атындағы орта мектептің
ХІ сынып оқушысы,
Индер ауданы

«Qazaq kalium LTD» ЖК ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы мекен-жайы бойынша орналасқан «Сатимол» кен орнының базасында қуаттылығы жылына 6 млн. тонна калий тұзын байыту-өндірістік кешеніне электрмен жабдықтау желісін салу» жұмыс жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Атырау облысы, Индер ауданы, Елтай а.о, Елтай ауылы.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні және уақыты: 2024 жылғы 6 маусым сағат 11.00-де мына мекен-жай бойынша: Елтай ауылы, «Елтай-Мәдениет» ауылдық мәдениет үйі МКҚК, Жөніс көшесі, 22.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/81865636425?pwd=IXuNy8PbKimJvY4lp6WgPnevbE2xmD.1>. Конференция идентификаторы: 818 6563 6425. Кіру коды: 856780.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qazaq kalium LTD» ЖК, БСН 950440001366, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21 ғимарат. Тел: +7-777-583-39-88.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Есо Јег» ЖШС, БСН 200640023864, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 37, оф. 627, тел.: 8-(7212)-31-98-76.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <http://www.ecoportal.kz>, барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: <http://www.ecoportal.kz>.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: atr.priroda@atyrau.gov.kz, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77, 8 (7122) -35-45-59.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекен-жайы esojer@mail.ru және телефон бойынша: +7 (7212) 31-98-76.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі мұнай-газ саласының ардагері

Даулетова Агиба Қабдолқызының

қайтыс болуына байланысты туыскандары мен жанұясына қайғырып көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат болсын, Алла алдынан жарылқап, пейіште нұры шалқысын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«MedeoDrillingGroup» ЖШС 11.06.2024 ж. сағат 15.00-де Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр а.о., Жамансор ауылы, 32 «А» бастауыш мектеп ғимаратында

«02.02.2024 жылғы №5309-УВС келісім-шарт бойынша Атырау облысындағы Бажыр учаскесінде көмірсутектерді іздеуге арналған геологиялық барлау жобасына Ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр а.о., келісім-шарт аумағы.

Координаттары: ұңғыма 47°57'23,2" СЕ 53°21'19" ШБ.

ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн қосылу үшін сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCwZADckXOPiOl4rW7ao0BCARZa.1>

Жеке конференция нөмірі: 495 616 6428

Кіру коды: 1234567

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші: «Kаспian Энерджи Ресерч» ЖШС, 060005, Атырау қ, Смағұлов көшесі, 4А, МЛ №01042Р - 14.07.2007 ж., БСН 020840001081, gul_shat_k@mail.ru, тел.: 87770676529.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru/ Тел.: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекен-жай бойынша қабылданады: atr_priroda@mail.ru және сайтта <https://ecoportal.kz/>.